

2009 жылғы 1 қыркүйектегі сақтандыру нарығының ағымдағы жағдайы

Сақтандыру сыйлықақылары


Сегіз ай ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі өткен жылдың осыған ұқсас кезеңінде жиналған көлемінен 27,3%-ға азайып, 72 822,8¹ млн. теңгені құрады.

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	01.09.2008ж.		01.09.2009ж.		01.09.2008ж. салыстырда өзгерістер, %-бен
	Сомасы	үлесі, %	Сомасы	үлесі, %	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	100 100,4	100,0	72 822,8	100,0	-27,3
Міндетті сақтандыру	20 445,7	20,4	20 760,9	28,5	1,5
Ерікті жеке сақтандыру	13 523,3	13,5	14 176,6	19,5	4,8
Ерікті мүліктік сақтандыру	66 131,4	66,1	37 885,3	52,0	-42,7

млн. теңге

Міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі өткен жылдың осындай көрсеткішінен 1,5%-ға артып, ерікті жеке сақтандыру бойынша ұлғаю 4,8%-ды құрап, ерікті мүліктік сақтандыру бойынша кему 42,7%-ға тең болды.



2009 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша келіп түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымына қатысты мынаны айта кетуге болады:

міндетті сақтандыруда – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 52,2%-ы (10 844,2 млн. теңге) көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 35,7%-ы (7 412,3 млн. теңге) қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 4,2%-ы (865,7 млн. теңге) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объект иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру және басқалар бойынша – 7,9% түскен.

ерікті жеке сақтандыруда – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 20,3%-ы (8 873,8 млн. теңге) жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша түскен, аурулардан сақтандыру бойынша – 41,8% (5 921,6 млн. теңге), өмірді сақтандыру бойынша – 5,8% (817,1 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 32,2% (4 566,8 млн. теңге) болып келеді.


ерікті мүліктік сақтандыруда – басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша – 17,9% (6 789,8 млн. теңге), мүлікті сақтандыру бойынша (автомобиль, әуе,

¹ сомасы қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларын шегергенде көрсетіліп отыр

теміржол, су көліктерін және жүктерді сақтандыруды қоспағанда) – 41,8% (15 829,5 млн. теңге), азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша (автомобиль көлігі, әуе көлігі және су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қоспағанда) – 15,4% (5 850,1 млн. теңге) және басқалар бойынша – 24,9% болды.


Сақтандыру салалары бойынша (life, non-life) жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі былайша көрініс алады:

Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	01.09.2008ж.		01.09.2009ж.		01.09.2008ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
	Сомасы	үлесі, %	Сомасы	үлесі, %	
Сақтандыру салалары бойынша барлығы	100 100,4	100,0	72 822,8	100,0	-27,3
Өмірді сақтандыру	3 672,5	3,7	5 381,3	7,4	46,5
Жалпы сақтандыру	96 427,9	96,3	67 441,5	92,6	-30,1



"Өмірді сақтандыру" саласы. 2009 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша "өмірді сақтандыру" саласында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 5 381,3 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың осындай күніне қарағанда 46,5%-ға көп. Жиынтық сыйлықақылардағы "өмірді сақтандыру" саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі есепті күні 2008 жылғы 1 қыркүйектегі 3,7%-ға қарсы 7,4% болды.

"Жалпы сақтандыру" саласы. "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша 2009 жылғы қаңтар – тамыз айлары ішінде жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 67 441,5 млн. теңге болды, бұл 2008 жылғы осындай кезеңге қарағанда 30,1% -ға аз.



Қайта сақтандыру


Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 37 360,0 млн. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 51,3%-ы болды. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының резидент еместеріне қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 47,7%-ы берілді.

Қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 20 079,2 млн. теңге болды. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының резидент еместерінен

қайта сақтандыруға қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 16 498,3 млн. теңге болды.

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары	01.09.2008ж.		01.09.2009ж.	
	Сомасы	жиынтық сыйлықақылардағы үлесі, %-бен	Сомасы	жиынтық сыйлықақылардағы үлесі, %-бен
Қайта сақтандыруға берілген барлығы, оның ішінде	46 197,6	46,2	37 360,0	51,3
резидент еместерге	40 017,5	40,0	34 708,1	47,7
резиденттерге	6 180,1	6,2	2 651,9	3,6
Резидент еместерден қайта сақтандыруға қабылданған барлығы	8 391,2	8,4	16 498,3	22,7

Елдер бойынша қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының құрылымы,



Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасында негізгі үлесті ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сыйлықақылар – 92,8%, міндетті сақтандыру бойынша – 6,0%, ерікті жеке сақтандыру бойынша – 1,2% болды.


Сақтандыру төлемдері

2009 жылғы сегіз ай ішінде жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі өткен жылдағы осындай кезеңмен салыстырғанда 58,3% төмендеп, 16 669,5² млн. теңге болды. Бұл ретте, қайта сақтандыру ұйымдарынан қайта сақтандыру бойынша өтеу есебінен сақтандыру төлемдерінің үлесі 30,5% (5 077,2 млн. теңге) болып отыр.

млн. теңге

Сақтандыру төлемдері	01.09.2008ж.		01.09.2009ж.		01.09.2008ж. салыстырғанда өзгерістер, %-бен
	сомасы сумма	үлесі, % доля, %	сомасы сумма	үлесі, % доля, %	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	39 937,7	100,0	16 669,5	100,0	-58,3
Міндетті сақтандыру	5 491,4	13,7	5 126,4	30,8	-6,6
Ерікті жеке сақтандыру	5 175,7	13,0	5 175,2	31,0	-0,01
Ерікті мүліктік сақтандыру	29 270,6	73,3	6 367,9	38,2	-78,2

Сақтандыру төлемдерінің құрылымы, %



2009 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерін қарастырған кезде мынаны айта кетуге болады:

міндетті сақтандыруда – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша төлемдер 44,3% (2 268,7 млн. теңге), қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша 49,6% (2 544,0 млн. теңге), өсімдік шаруашылығын сақтандыру бойынша 5,7% (292,3 млн. теңге) және басқалар бойынша - 0,4% болды;

ерікті жеке сақтандыруда – сақтандыру төлемдерінің 72,1% (3 729,4 млн. теңге) аурулардан сақтандыру бойынша, жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша – 8,3%

² сома қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерін шегергенде көрсетіліп отыр

(429,4 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 17,1% (885,6 млн. теңге) және өмірді сақтандыру бойынша - 2,5% (130,9 млн. теңге) болды;

ерікті мүліктік сақтандыруда – 15,4% (982,1 млн. теңге) басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша, автомобиль көлігін сақтандыру бойынша – 16,4% (1 047,2 млн. теңге), мүлікті сақтандыру (автомобильді, әуе, теміржол, су көлігін және жүкті сақтандыруды қоспағанда) бойынша – 56,2% (3 577,2 млн. теңге), басқалар бойынша – 12,0% болды.

2009 жылғы сегіз айда жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы бойынша сақтандыру төлемдерінің мейлінше көп көлемі аурулардан сақтандыру бойынша сақталып, төлемдердің жиынтық сомасының 22,4%-ы болды.

Сақтандыру нарығы жөнінде жалпы мәліметтер

2009 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығында 43 сақтандыру ұйымы (оның ішінде: 7 – өмірді сақтандыру бойынша), 12 сақтандыру брокері және 63 актуарий өз қызметтерін лицензия негізінде жүзеге асырды.

Сақтандыру секторының институционалды құрылымы	01.09.2008ж.	01.09.2009ж.
Сақтандыру ұйымдарының саны, оның ішінде:	44	43
өмірді сақтандыру бойынша	8	7
Сақтандыру брокерлерінің саны	12	12
Актуарийлер саны	49	63

Есепті күнге 32 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның қатысушылары болып табылды.

Капитал. 2009 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталының жиынтық мөлшері 178 389,5 млн. теңге болды.

Қаржы көрсеткіштері	млн. теңге		
	01.09.2008ж.	01.09.2009ж.	01.09.2008ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
Жиынтық активтер	286 894,0	302 947,4	5,6
Міндеттемелер	125 140,9	124 557,9	-0,5
оның ішінде сақтандыру резервтері	106 892,3	108 984,9	2,0
басқа да міндеттемелер	18 248,6	15 573,0	-14,7
Меншікті капитал (баланс бойынша)	161 753,1	178 389,5	10,3


Активтер. Сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2009 жылғы 1 қыркүйекте 302 947,4 млн. теңге болды, бұл 2008 жылғы 1 қыркүйектегі осындай көрсеткіштен 5,6%-ға көп, оның ішінде:

Активтер	млн. теңге				01.09.2008ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
	01.09.2008ж.		01.09.2009ж.		
	Сомасы	үлесі, %	Сомасы	үлесі, %	
Қолма-қол ақша	5 230,8	1,8	10 877,4	3,6	2,1 есе
Орналастырылған салымдар	83 461,5	29,1	69 458,7	22,9	-16,8
Бағалы қағаздар	85 226,3	29,7	121 243,1	40,0	42,3
"Кері РЕПО" операциясы	25 926,7	9,1	12 451,6	4,1	-52,0
Сақтанушылардан және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары	28 088,4	9,8	22 975,1	7,6	-18,2
Негізгі қаражат	4 580,4	1,6	4 189,3	1,4	-8,5
Қайта сақтандыру активтері	42 858,2	14,9	46 273,9	15,3	8,0
Басқа дебиторлық берешек	7 513,3	2,6	10 841,7	3,6	44,3
Басқа активтер	4 008,4	1,4	4 636,6	1,5	15,7
Активтер жиынтығы	286 894,0	100,0	302 947,4	100,0	5,6

Міндеттемелер. 2009 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының міндеттемелер сомасы 124 557,9 млн. теңге болды, бұл былтырғы жылдың осыған ұқсас күніне қарағанда 0,5%-ға аз.

Есепті күнде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету үшін қалыптастырған сақтандыру резервтерінің көлемі 108 984,9 млн. теңге болды, бұл 2008 жылғы 1 қыркүйекте қалыптасқан резервтердің көлемінен 2,0%-ға көп.

Активтердің, меншікті капитал мен сақтандыру резервтерінің динамикасы, млрд. теңге



Сақтандыру нарығының шоғырлануы

Қарастырып отырған кезеңде сақтандыру нарығының сақтандыру сыйлықақылары бойынша шоғырлану деңгейінің ұлғайғаны және сақтандыру төлемдері бойынша азайғаны байқалады. 5 ірі сақтандыру компанияларының үлесіне жиынтық сақтандыру сыйлықақылардың 56,5%-ы және сақтандыру төлемдерінің 49,5%-ы келеді. Сақтандыру нарығының жиынтық активтерінің ішінде бес ірі сақтандыру компанияларының үлесі 52,6%-ды құрайды.

Сақтандыру нарығының жиынтық көрсеткіштерінен үлесі, %	01.09.2008ж.	01.09.2009ж.
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	51,5	56,5
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	64,9	72,2
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	66,0	49,5
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	78,3	71,6
Бес ірі сақтандыру компаниясының активтері	56,0	52,6
Бес ірі сақтандыру компаниясының меншіктік капиталы	57,6	61,2

Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері	2008ж.	01.09.2009ж.
ЖІӨ, млрд. теңге	16 052,9	16 865,2 ³
Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,62	0,43 ⁴
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,01	1,06
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,79	1,80
Сақтандыру сыйлықақыларының халықтың жан басына шаққандағы қатынасы, теңгемен	6 765	4 610 ⁵

Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі дайындады.

³ – Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2009 жылғы 21 шілдедегі деректері бойынша

⁴ – 2009 жылғы қаңтар-тамыз айларында қабылданған сақтандыру сыйлықақылары.

⁵ – Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша ҚР халқының саны 01.03.2009 жылы 15 797 297 адамды құрады.